

Матенова Гульнара Дилдашовна

№ 15 жалпы білім беретін мектеп

Қазақстан, Қарағанды облысы, Абай ауданы, Қарабас кенті

Қазақ тілі сабағында халықтық педагогика элементтерін қолдану

Қазақтың аса бай әдебиеті халықтың ой-арманы мен мақсат-мүддесін білдіреді, әрі адамгершілік, имандылық, әсемдік тәрбие беруде, жаңа адамды рухани жағынан байытып отыруда үлкен маңызы бар. Халық шығармаларында бейнеленген бағалы педагогикалық идеялар балалар мен жастарға моральдық-эстетикалық және адамгершілік, имандылық жағынан олардың ой-өрісін дамытып отыруға жәрдемдеседі.

Халықтық педагогика мәселесіне байланысты ой қозғағанда Қорқыттың ұлттық педагогикаға байланысты қағидаларын, Абайдың дана сөздерін, Ыбырай Алтынсарин мен Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық идеяларына сүйенбей өте алмаймыз.

Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» оқулығында оқытудың білімдік және тәрбиелік мақсатын ұлттық тәрбиеге негіздегенде ғана оның сапалы білім беріп, жастардың санасын көтеруге жәрдемі тиетіндігі айтылады.

Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиеттанушы» еңбегінде, кемеңгер де ойшыл ақын Шәкәрім Құдайбердиевтің шығармаларында халықтың бай дәстүрі жете сипатталады.

Қазақ халық педагогикасында адамгершілік-имандылық, музыкалық-эстетикалық, этикалық тәрбие үлкендердің, ата-аналардың жеке басының жақсы істерін үлгі ету, тәрбиеге «ұят», «ар», «намыс» ұғымдарын кең пайдалана отырып сендіру, үйрету, жаттықтыру, көтермелеу, мадақтау, мақұлдау, жазалау әдістерімен жүзеге асырылып отырды.

Халық педагогикасының мақсаты — оқушыларды адал еңбекке, парасаттылыққа, туған еліне деген сүйіспеншілікке, туған-туысқандарына, дос-

жарандарына деген бауырмалдыққа, халқының әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін қастерлеуге үйрету. Демек, халықтық педагогика элементтерін пайдалану — мазмұндық тұрғыдан білім көздерінің бірі. Сондықтан әрбір сабақтың тиісті жеріне мұны байланыстырып отыру орынды.

Қазақ өз ұрпағын жастайынан ерлікке, батырлыққа, елін, жерін сүйуге, оны сырт жаудан қорғай білуге баулыған, еңбекке, кәсіпке, өнерге үйреткен. Ұлттық дәстүр, әдет-ғұрып ерекшеліктері адамның дүниеге келуімен, өміріндегі әр кезеңіндегі оқиғалармен байланысты туындаған. Бұл қоғаммен бірге жасап келе жатқан процесс.

Халық педагогикасын зерттеу негізіне халық ауыз әдебиетінің шығармалары, этнографиялық материалдар, халықтық тәрбие дәстүрлері, халықтық ойындар, отбасы тәрбиесінің тәжірибелері жатады. Ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық тәлім-тәрбиенің белгілі жүйесінде жас буын жадына біртіндеп сіңіріп отыратын арнаулы жолдар, тиісті тәсілдер де болған. Мәселен, мақал-мәтелдерде адамгершілік, имандылық тәрбиесіне байланысты әдет-ғұрыптар насихатталса, жұмбақтар мен айтыстарда - ақыл-ой тәрбиесі, өлең, жыр-дастандарда — әсемдік (эстетикалық) тәрбиесінің негізгі принциптері, ал ертегілер халықтық тәрбиенің сан алуан мәселелерін қозғайтын тәлімдік материал ретінде пайдаланылған. Демек халықтық педагогика — тәлім-тәрбиелік ой-пікірдің бастауы, халықтың рухани мұрасы.

Қазақ халқының тәлімдік мәні, ой-толғаныстары бесік жыры мен батырлық эпостарда, ертегілер мен аңыздарда, шешіндік сөздер мен айтыс-термелерде, мақал-мәтелдерде көптеп кездеседі. Мұндағы ұрпақ тәрбиесінің негізгі түйіні — адамгершілік-имандылық, ақыл-ой, еңбек, эстетика, дене, отбасы тәрбиесіне байланысты мәселелерге келіп тіреледі.

Қазақ халқы өз ұрпағын бесікте жатқан кезінен өлең-жыр мен әңгіме, ертегі, тақпақ, санамақ арқылы тәрбиелеп отырған. Бала аяғын жерге нық басқаннан кезден қоршаған ортаның құпиясын ғылыми тұрғыдан сезініп білмесе де, жұлдыздарға, түрлі белгілерге қарап жол тауып, қаршадайынан

есту, көру сезімдері шынығып, алыстағыны болжайтын, жоғалғанды табатын ізшіл де, мерген де болған.

Кәсібі, тіршілігі мал шаруашылығына байланысты болғандықтан, бала 5-6 жасынан ат құлағында ойнай бастайды, бір естігенін қалтқысыз есте сақтайтын қабілеті күшті, әңгімеге үйір көшпелі халықтың баласы небір қызық ертегілерді, жыр-дастандарды жаттап алатын болған. Сөз өнерінің әдемі кестелері олардын сөйлеу қорын байытып, мағыналы да мәнді сөйлеуге жаттықтыра беретін.

Қазақ халқының адами қасиеттері имандылық, қонақжайлық, батылдық, төзімділік қасиеттері тарих парағымен дәлелденеді. Ұлтымыздың тұрмыс – салтынан, тыныс – тіршілігінен туған әдет – ғұрып, дәстүрлері ғасырлар бойы қалыптасып, адамгершілік, тазалық, тәрбие қағидалары іспетті. Олар уақыт өткен сайын жаңғырып, жаңа қырынан ашылып, жас ұрпақ үшін ғибраты молая бермек, сондықтан бүгінгі таңда халық педагогикасына ерекше көңіл бөлу керек. Өйткені халық педагогикасы жас ұрпақты адамгершілікке, имандылыққа, ізгілікке тәрбиелейді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті. «Алматы кітап», 2005ж.
2. Әбілова З.А. Этнопедагогика, Алматы, 1999ж.